

8-сынып

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Оқулық

қыз балаларға арналған нұсқа

Айдар аттары

Тірек сөздер	Сабақта қарастырылатын тақырыпқа байланысты терминдер
Анықта	белгілі бір өнімді жасау жолдарын, әдістерін анықтауға арналған тапсырма
Суреттерге қара	суреттерге мұқият қарап, талдау арқылы оның ерекшеліктерін анықтауға арналған тапсырма
Орындап көр	қандай да бір іс-әрекеттерді орындау және дағдыларды меңгеруге арналған тәжірибелік тапсырма
Ойлан және сұрақтарға жауап бер	оқылған тақырып бойынша рефлексия жасауға арналған сұрақтар
Есте сақта!	есте сақтауға арналған маңызды ережелер жиынтығы
Сен білесің бе?/ Оқы, қызық!	сабақ тақырыбына қатысты қызықты мәліметтер
Қауіпсіздік ережелері	қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ескертулер
	бейнематериалдарды көруге және жүктеуге мүмкіндік беретін QR-код

Көркем еңбек (қыз балаларға арналған нұсқа): жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – 144 б., сур.

Кіріспе

Қымбатты жас дос!

Қолыңдағы «Көркем еңбек» пәні оқулығы сені қазақтың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерімен, ұлттық киім үлгілерімен және үйді ұлттық нақыштағы заманауи сәндеу тәсілдерімен таныстырады.

Сен тарау тақырыптарын оқи отырып:

- қазақтың қолданбалы өнер туындыларын жасауда қолданылатын кейбір техникалармен танысасың және оларды үйренесің;
- тоқу, құрғақ және дымқыл киіз басу техникасында бұйымдар жасайсың;
- қазақтың ұлттық киімінің ерекшеліктері жөнінде білесің;
- халықтық пішім негізінде этностильде киім үлгілерін жасайсың;
- интерьерді безендіру тәсілдері мен өсімдік өсірудегі ғылымның рөлі жөнінде білесің;
- ұлттық мәдени мұраға құрметпен қарауды, дәстүрлі өнердің құндылығын бағалауды үйренесің;
- еңбекке жауапкершілікпен қарау, ұқыпты жұмыс істеу және өз еңбегінің нәтижесін бағалау дағдыларын қалыптастырасың.

Сабақта алған білімдерің саған:

- ши тоқу және киіз басу техникасында айрықша бұйымдар жасауға;
- ұлттық нақышта бұйым дизайнын әзірлеуге;
- киім пішуде халықтық пішімді қолдануға;
- интерьерге арналған сәндік бұйымдар жасауға;
- бұйым дизайнын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сабақта меңгерген білімдерің мен дағдыларың саған айналаңа жаңа көзқараспен қарауға, шығармашылық идеяларыңды шабыттана жүзеге асыруға көмектеседі.

Іске сәт! Саған сәттілік пен мол шабыт тілейміз!



Оқуда жасанды интеллектіні пайдалану жөніндегі ұсынымдар

1. Жасанды интеллектіні көмекші ретінде пайдалан. Жасанды интеллект идеяларды, мысалдар мен түсіндірмелерді табуға көмектеседі, алайда қорытындылау, шешім қабылдау және оқу жұмысын рәсімдеу оқушыдан өз бетінше орындауды талап етеді.

2. Жасанды интеллектіні идея іздеу және жұмысты жоспарлау үшін қолдан. Оның интеллекттің көмегімен:

- жоба немесе бұйым үшін бірнеше идея ұсынуға;
- жұмыс жоспарын құруға;
- әрекеттердің орындалу ретін нақтылауға болады.

3. Алынған ақпаратты тексер. Жасанды интеллект берген жауаптарда сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Сондықтан алынған ақпаратты оқулықпен, мұғалімнің түсіндірмесімен және сенімді дереккөздермен салыстыру қажет.

4. Промтты (жасанды интеллектіге берілетін сұранысты) қалай дұрыс жазу керек? Промт – жасанды интеллектіге берілетін нақты әрі түсінікті тапсырма. Онда не істеу керектігі; тапсырманың кімге арналғаны (7–8-сынып оқушысы); жауаптың форматы (қысқаша, тізім немесе кесте түрінде); шектеулер (қарапайым тілмен, артық мәліметсіз) көрсетілуі тиіс.

Промт үлгісі: «Үстел ойынының дизайны деген ұғымды 7-сынып оқушысына қарапайым тілмен, қысқаша түсіндір».

Этика және академиялық адалдық Жасанды интеллектіні пайдалану барысында:

- оны дайын жұмыстың көзі емес, көмекші құрал ретінде қолдану;
- тапсырмаларды өз бетінше орындап, алынған ақпаратты өңдеу;
- жасанды интеллект жасаған жұмыстарды толық авторлық жұмыс ретінде ұсынбау;
- идея іздеу кезінде жасанды интеллект қолданылғанын көрсету;
- жеке деректерді енгізбеу, сыпайы қарым-қатынас жасау нормаларын сақтау.

Әлеуметтік желілерде шығармашылық жұмыстарды жариялау жөніндегі ұсынымдар

Өз шығармашылық жұмыстарыңды таныстырылым түрінде немесе әлеуметтік желілерде жариялау кезінде желілік этика ережелерін сақтау маңызды.

1. Тек өз жұмыстарыңды жарияла. Өзің дербес орындаған немесе оқу тапсырмасы аясында жасалған суреттерді, мәтіндер мен таныстырылымдарды ғана орналастыр.

2. Авторлықты көрсет. Жариялау кезінде жұмыстың өзіңе тиесілі екенін белгіле (аты-жөнің, сыныбың, мектебің (жеке деректерді көрсетпей).

3. Қауіпсіздік ережелерін сақта. Мекенжайыңды, телефон нөміріңді, құпиясөздерді және құжат деректерін жариялама. Мұғалім ұсынған жағдайда жабық немесе оқу аккаунттарын пайдалан.

4. Этика және қарым-қатынас мәдениетін сақта. Адамның жеке басын қорлайтын пікірлерден, орынсыз жазбалардан және өзгенің жұмыстарын рұқсатсыз жариялаудан аулақ бол. Басқа пайдаланушылардың пікірлерін құрметте.

5. Дұрыс қолтаңба мен сипаттама қолдан. Жұмыстың идеясын, пайдаланылған материалдарды немесе орындалу техникасын қысқаша сипатта. Мәтін түсінікті әрі сауатты рәсімделуі тиіс.

6. Академиялық адалдықты сақта. Егер жұмысты орындау барысында идеялар, бейнелер немесе цифрлық құралдар (оның ішінде жасанды интеллект) қолданылса, бұл туралы сипаттамада көрсет.

1

Сәндік-қолданбалы өнер

Жас дос!

Сен бұл тарауда сәндік-қолданбалы өнер әлемімен одан әрі танысып, қазақ халқының қолданбалы өнеріндегі киіз басу, ши тоқу әдістерін үйренесің. Қазақтың қолданбалы өнерінің дәстүрлі түрлерімен таныса отырып, еліміздің қазіргі өнерінің жетістіктері туралы біліміңді кеңейтесің.

Тарау тақырыптарын оқи отырып, ши тоқу әдістерін меңгересің, оның өре ши, шабақ ши, шым ши сияқты түрлерімен танысасың; құрғақ және дымқыл киіз басу түрлерін үйренесің.

Меңгерген материалдарыңа сүйеніп, жүн мен ши сабақтарынан түрлі шығармашылық жұмыстар істейсің. Алдымен бұйым нобайын жасап алып, жұмыс жоспарын құрып, қажетті материалдар мен құралдарды әзірлеп, сосын іске кірісесің.

Ши сабағын өріп, төсеніш жасайсың. Жүнді ылғалдап, кілемше мен түйреуіш тоқисың, ал құрғақ жүнмен сурет салып, алма жасайсың.

Сондай-ақ электронды таныстырылым әзірлеп, өз қолыңмен жасаған бұйымды көрмеге қоюға дайындайсың.



1.1

Қазақ халқының қолданбалы өнері

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:

- қазақ халқының қолданбалы өнерінің ерекшеліктері жөнінде білесің;
- қазақтың ши тоқу және киіз басу секілді қолөнер түрлерімен танысасың.

Тірек сөздер:

қолданбалы өнер
сәндік-қолданбалы өнер
ши тоқу
өре ши
шабақ ши
шым ши
киіз басу

Ойлан

Мына суреттерде қандай бұйымдар бейнеленген? Олар неден жасалған? Қай халықтың мәдениетімен байланысты деп ойлайсың? Оны қалай білдің? Бұл өнердің қай түріне жатады?



1



2



3



4



5



6

Қолданбалы өнер мен сәндік-қолданбалы өнер арасындағы айырмашылықты анықта.

Қолданбалы өнер – бұл көркем әрі күнделікті қолдануға жарайтын, пайдалы заттар жасаумен айналысатын көркемөнер түрі. Мұның қатарына, мысалы, ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, зергерлік бұйымдар жатады. Мұндай заттар адамның өміріне сән беріп, қажетіне жарайды.

Сәндік-қолданбалы өнер (СҚӨ) сәндік өнер саласына жатады. Мұнда заттарды әсемдеуге ерекше көңіл бөлінеді. Шебердің қолынан шыққан заттар тек пайдалы болып қана қоймай, сонымен бірге әсем әрі сүйкімді болып шығады. Бұл өнер түрінде ұлттық дәстүр мен табиғи сұлулық үйлесім табады. Әр бұйым шебердің талғамын, қолының ептілігін және халқымыздың мәдениетін бейнелейді.

Оларды қалай ажыратуға болады?

	Қолданбалы өнер	Сәндік-қолданбалы өнер
Қолданыстық мақсаты	тұтынуға әрі сәндеуге	сәндеуге, әшекейлеуге
Мысалы	орындық, үстел, кілем, құмыра, т.б.	ағаштан ойылған қобдиша, суретті тәрелке, кестеленген майлық
Ерекшеліктері	әшекейленбеуі мүмкін	міндетті түрде сәндік элементтері болады




Зертте

Қазақ халқының қолданбалы өнеріне қандай ерекшеліктер тән?

Қазақ халқының қолданбалы өнерінің түрлері: киіз басу, тоқыма, кесте, зергерлік, ағаш, металл, тері, сүйекті көркемдеп өңдеу.	
Ерекшеліктері	Мазмұны
Көшпелі өмір салтымен байланысты	көшпелі өмір салты және мәдениетін бейнелейтін тұрмыстық заттар, салт-дәстүрлер, сенім-нанымдар
Ою-өрнек салу	ою-өрнектерде зооморфты (жан-жануарлардың бейнелері), космогониялық (күн, ай, жұлдыз т.б. аспан денелері) элементтер, геометриялық және өсімдік бейнелері бейнеленеді. Олар символдық мәнге ие.
Табиғи материалдарды пайдалану	қолда бар жүн, тері, ағаш, металл, сүйек, тас секілді заттар қолданылған.
Символизм және киелі ұғым	көптеген заттар, әсіресе, зергерлік бұйымдар, тек күнделікті өмірде қолданылатын әшекей бұйымдары ғана емес, олар салт-дәстүрмен байланысты символдық киелі мәнге ие дүниелер.

Суреттерге қара

Мына бұйымдар қалай аталады? Білесің бе? Олар неден жасалған? Оларды қайда пайдаланады?



Ши тоқу қандай кәсіп?

Ши тоқу – ши бұтақтарынан түрлі бұйымдар тоқумен байланысты қалыптасқан қазақ халқының қолөнер түрі. Ши кілемше, құрт жаятын өре, киіз үй есігін тоқуда пайдаланылады. Шидің үш түрі бар.

Өре ши – қабығы аршылған ши бұтақтарынан тоқылатын қарапайым ши түрі. Оны киіз басуға, сүзгіге, құрт-ірімшік жаятын өре, сондай-ақ үйдің төбесін сылауда құрылыс материалы ретінде қолданған. Оны кейде ақ ши деп те атаған.

Өн бойы тұтас оралмай, әр жерінен аралатып оралатын шиді «**шабақ ши**» немесе «орама ши» деп атайды. Әр тұсынан өрнек сала оралған бұл ши түрі көбіне үй ішін безендіруде, сәндік мақсатта қолданылған. Сондай-ақ орама шиді киіз үйдің керегесін айналдыра тұту үшін пайдаланған.

Біркелкі оралған өрнекті шиді «**шым ши**» деп атайды. Өн бойы өрнектелген шым шиді кереге мен туырлық арасына әсемдік үшін тұтқан.



Өре ши



Шабақ ши




Шым ши

Сен білесің бе?

1986 жылы «Өнер» баспасында үш томдық «Қазақ халқының қолданбалы өнері» кітабы жарық көрді. Авторы – Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985). Бұл іргелі еңбектен қазақ халқының түрлі өнер түрлері, ою-өрнектері, ұлттық киім үлгілері, киіз үйі және киізден жасалған бұйымдарымен танысуға болады.

Киіз басу дегеніміз не?

Киіз басу – дәстүрлі қазақы ортада дамыған киіз жасау өнері. Оған жүн талшықтарының бір-бірімен ұйыса байланысатын қасиеті негізге алынған. Киіз көшпелі халықтың төлтума өнері саналады. Олар киіздің суық пен ыстықтан қорғайтын қасиетін алғаш бағалап, жауын-шашыннан қорғануда пайдаланған. Киіз үй жабыны және төсеніші болған. Басылған киізден жерге төсейтін сырмақ және керегеге ілетін тұскиіз жасаған, сондай-ақ түрлі заттарды сақтайтын сөмкелер (аяққап, кесеқап, сандыққап т.б.) тіккен.



Текемет



Сырмақ



Тұскиіз

Сен қалай ойлайсың?

Төменде көрсетілген қай шаруашылық түрі қазақтың қолөнері мен қолданба өнерінің қалыптасып, дамуына әсер етті? Қалай әсер етті?

Көшпелі өмір салты

Малшаруашылығы

Металл өңдеу

Тас өңдеу

Сауда

Кілем тоқу

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Неліктен соңғы кездері елімізде қолданбалы өнердің ұмыт болған түрлері қайта жаңғырып, кең танымал болып отыр? Бұл немен байланысты?
2. Қолданбалы өнердің қандай түрімен айналысқың келеді? Неліктен?

1.2

Қолданбалы өнер түрлері. Материалдар мен құрал-жабдықтар

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:


- ши тоқу мен киіз басуға қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар туралы білесің;
- өрнекті ши тоқып, киіз басу жұмыстарымен танысасың.

Тірек сөздер:

текемет
сырмақ
тұскиіз

Суреттерге қара

Мына бұйымдар қандай материалдан жасалған? Олар қолданбалы өнердің қай түрлеріне жатады?




Зертте

Ши тоқу үшін екі ашалы ағаш, бір түзу ағаш, ши бұтақтарын және жүнді дайындау қажет.

• Ашалы екі ағашты белгілі бір қашықтықта тіке қадап, ортасына көлденең ағашты қойып, қарапайым білдек (станок) жасалады. Ашалы екі ағаштың арасы тоқылатын заттың еніне қарай орнатылады. Білдекке тас немесе басқа салмақты зат байлаған жіп тақ санды болуы тиіс, яғни 5-11 жіп байлайды.

- Шиді өсетін аймағына байланысты жылдың белгілі бір мерзімінде жинайды (оңтүстікте – маусымның аяғында, солтүстікте – қыргүйектің аяғында). Шиді жинағаннан кейін кептіріп, жапырақтарынан тазартады.
- Тазартылған және боялған жүн пайдаланылады.



Өрнекті шиді қалай тоқиды?


- Алдын ала сыртына жүн оралған бір сабағын көлденең ағаштың үстіне қояды.
- Тас байланған жіптерді қарама-қарсы жаққа аударып, шиді бекітеді.
- Содан кейін оның үстіне екінші шиді қойып, жіпті кері аударады. Әрі қарай осылайша тоқи береді.
- Ши тоқылып біткенше осылай жалғастырады.
- Ши сабақтарына сурет ыстық темір сыммен салынған. Қазір фломастерлер пайдаланылады.

Бұйым тоқудағы маңызды нәрсе:

- 1) ши сабағына өрнектің шегараларын дұрыс түсіру;
- 2) белгіленген шегаралар бойынша сабақты түрлі-түсті жүнмен дұрыс орау керек.

Анықта


Ши тоқитын материалдарды қалай дайындау керек? Суреттерге қара. Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, шидің шеттерін біркелкі етіп кес



Қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, шидің шеттерін біркелкі етіп кес



Бір қолыңа жүнді, екінші қолыңа шиді ал



Шиді айналдыра отырып, сыртынан жүнді ора

Сен білесің бе?

Шым ши ауқымды ромбтар (шаршы), бірнеше қабатты көпбұрыштар, мүйіз бейнелі өрнектер (қошқар мүйіз, қос мүйіз, ұлы мүйіз) түріндегі геометриялық ою-өрнектерден тұрады. Композицияда қызыл және көк түстер басым, олардың қатарында сары, ақ және жасыл түстер де кездеседі.

Оқы, қызық!

Суретші, еңбек сіңірген өнер қайраткері Райымқұл Есіркеев өзінің картиналарының бірін шым ши өнеріне арнады.



Р. Есіркеев. «Кілем тоқу»

Зертте

Қазақтар жүннен текемет, сырмақ пен тұскиіз жасаған. **Текемет** басу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады:

- Төсеніш үстіне жүнді тегістеп жайып, үстіне ыстық су себеді. Бұл кезең шабақтау деп аталады. Шабақталған жүннің үстіне басқа түсті немесе боялған жүннен өрнек салады.
- Жүн салынған шиді мұқият орап, арқанмен тартып байлайды.
- Орамды жерге жатқызып, арқаннан ұстап, оны екі жаққа тартып, әрі-бері тепкілеп, кем дегенде үш сағат домалатып тербетеді. Мұны бос жүннің басын ұйыстырып, жақсы ұстау үшін жасайды. Бұл әрекет қарпу деп аталады.
- Сосын орамды ашып, әлі піспеген киізді төсеніштен босатып, үстіне ыстық су себеді. Үстін жауып, булап қояды.
- Бірнеше адам киіз орамын үстінен басып, білектермен әрі-бері айналдырып, домалатады, бірнеше рет көтеріп, қарпиды және ұзынынан үш бүктеп, созып тартады.
- Кепкеннен кейін киіз бос болады, сондықтан оны ыстық сумен «пісіріп», тағы да орап айналдырады. Текемет толық дайын болғанша осылай жалғастыра береді.
- Соңында бетіне салынған ою-өрнек киізге жақсы бекиді (1, 2-суреттер).



1




2


Текемет басу барысы

Сырмақ әдетте ақ және қара киізден жасалған өрнектерден тігіледі. Ою-өрнекті қабаты мен астыңғы киізі сырылып тігілетіндіктен, сырмақ өте тығыз болады. Киіз өрнектері көзге жағымды, үйге ерекше көрік береді. Тігіс үстіне түрлі түсті бау тігу сырмақты одан әрі әсемдей түседі (3-сурет).

Тұскиізді ою-өрнекпен ерекше етіп безендіреді, себебі ол қабырғаға ілінеді. Ақ киізге түрлі түсті киізден, маталардан, атап айтқанда, мақта-мата, кейде жібектен ойылған ою-өрнектер бастырылып тігіледі (4-сурет).



Сырмақ



Тұскиіз

Сен білесің бе?

Киізді екі түрлі әдіспен басады: сабын ерітіндісімен – дымқыл киіз, сабын ерітіндісіз – құрғақ киіз басылады. Құрғақ киіз басу үшін ұшы қайырылған арнайы инелер қажет.

Суретке қара

Молдахмет Кенбаевтың картинасында текемет басып жатқан әйелдер бейнеленген. Олар қандай көңіл күймен жұмыс істеп жатыр? Неліктен бірнеше адам бірігіп жұмыс істеуде? Онда қандай атмосфера сезіледі? Суретке қарай отырып, сен қандай күйге бөлендің?



М. Кенбаев. «Киіз басу»

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

Қазіргі кезде шым ши тоқу, киіз басу ісі кең тараған. Жүннен, шиден салынған суреттер пайда болуда. Бұл ненің әсері деп ойлайсың?

1.3

Нобайды әзірлеу және жұмысқа дайындалу

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:


- қандай да бір бұйымды таңдап, оның нобайын жасайсың;
- шығармашылық жобаңның жоспарын құрып, жұмысқа дайындаласың.

Тірек сөздер:

нобай;
жоспарлау;
графикалық құжаттама;
технологиялық құжаттама.

Зертте

Кез келген бұйымды, затты әзірлеу жұмысы бір-неше кезеңнен тұрады. Алдымен бұйымды таңдап, оның нобайын сызады. Сосын оны жасауға қандай материалдар мен құрал-жабдықтың қажеттігі жөнінде ойланады. Орындау кезеңдері мен мерзімдерін көрсетіп, **жұмыс жоспарын** құрады. Басқаша айтқанда, жұмыс реті мен оны жүзеге асыру тәсілдері көрсетілген **графикалық және технологиялық құжаттама** әзірленеді. Нобай бұйымның дайын түрдегі бейнесін анық көруге, идеяны бағалауға және қажет болған жағдайда түзетулер енгізуге, нобайды нақтылауға мүмкіндік береді.



Нобай



Дайын бұйым

Анықта

Өнімді жасауға дайындық жоспары қалай құрылады? Төмендегі кестеде өрнекті ши тоқуға дайындық жоспары егжей-тегжейлі сипатталған.

1-кезең. Бұйымды таңдау	Өрнекті ши
2-кезең. Бұйым нобайы	

3-кезең. Материалдар мен құрал-саймандар	• ши сабақтары немесе дайын істік ағаштар • түрлі түсті жүн немесе тоқыма жіп • қатты жіп • ағаш планшет • қайшы • фломастер немесе қаламсап • скотч, ПВА желімі
4-кезең. Жұмысты орындауға дайындық	1. планшеттің қысқа жағына шеге қағу (3–4 дана) немесе бұрап бекіту; 2. нобайды планшетке скотчпен жапсыру; 3. жіп ұшын жоғарыдағы әр шегеге байлау; 4. жіпті төмен тартып, төменгі шегеге орап байлау. Қалған жіпті алақанды айналдыра орап, жіптің соңын түю. Бұл сабақты ұстап тұруға көмектеседі; 5. жұмыс құралы дайын.

Суреттерге қара

Бұл суреттерде бейнеленген бұйымдардың бәріне қандай ерекшелік тән? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Қандай қорытынды жасауға болады?



1
Құрғақ жүннен бұйым жасау



2
Ылғал жүннен бұйым жасау



3
Құрғақ жүннен бұйым жасау




4
Ылғал жүннен бұйым жасау

Киіз басу үшін не керек?

1. Құрғақ жүннен киіз басу үшін жүн, поролон бөлігі, ұшы қайырылған арнайы инелер, қайшы қажет (1-сурет).

2. Ылғал жүннен киіз басу үшін жүн, сабын, су құятын ыдыс, көпіршікті қағаз керек. Ағаш балға мен кертікті оқтауды қолдануға болады (2-сурет).



Киіз басуға арналған инелер

Сен білесің бе?

Киіз басу үшін күзем жүн қолданылады. Бұл – күзгі қырқым кезінде алына-тын борпылдақ, жабысқақ, оңай түтілетін жүн. Көктемгі қырқымдағы жүнді тоқыма үшін пайдаланады.

Орындап көр

Бұйымды таңдалған техникада орындау бойынша жұмыс жоспарын құрас-тыр.

1. Шығармашылық жұмыс үшін қандай да бір өнімді таңда, әртүрлі графиче-калық құралдарды қолдана отырып, оның нобайын жаса. Жұмысты орындау үшін графикалық бағдарламаларды немесе жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

2. Нобайда көрсетілген идеяңа талдау жаса және бағала.

3. Қажетті өзгертулер енгіз.

4. Сенің идеяңды жақсырақ жеткізетін материалдарды таңда.

5. Қажетті құрал-саймандарды таңда.

6. Өнімді жасаудың реті мен тиімді тәсілдерін ойластыр.

Жұмыс барысында жоспарға қайта оралып, толықтырулар мен өзгертулер енгізуге болады.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Бұйымдарды жасаудың қай әдісі (ши тоқу, киіз басу) көбірек ұнады?
2. Бұл әдіс несімен ұнады?

1.4

Шығармашылық жұмыс. Ши тоқу

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:

- өз бетіңше шығармашылық идея ойластырасың;
- шығармашылық идеяны жүзеге асыруға қажетті материалдарды таңдайсың;
- ши тоқу әдісімен жұмыс істейсің.

Тірек сөздер:

шығармашылық идея;
тоқу

Суреттерге қара

Жүн мен дала шиінен жасалған суреттерге қара. Оларға қарай отырып, қандай сезімге бөлендің? Сенде қандай **шығармашылық идеялар** пайда болды? Суреттің түсін қалай қабылдадың? Қай жұмыс ерекше ұнады? Неліктен?

Бұл жұмыстардың авторы – Наталья Баженова, өнертанушы, қолданбалы өнер суретшісі, қолөнерші.



Шаршы



Отбасы



Өмір ағашы



Келешек



Өткенге көзқарас






Қорғаныш

Зертте



Өткен сабақта сен өрнекті ши тоқуға дайындық жоспарымен таныстың. Енді шидің қалай тоқылатынын біліп ал.






- Суреттің нобайын планшетке скотчпен бекіт (1-сурет).
- Жіптің ұшын жоғарғы шегеге байла (2-сурет).
- Жіпті төменгі шегеге тартып, оны бірнеше рет ора (3-сурет).





- Жіптің қалған ұшын алақаныңды айналдыра ора (4-сурет).
- Жіпті алақаныңнан ал. Оны ортасынан байлап, жіптің ұшын түйінде (5-сурет).
- Тартылған жіпте суреттің бас жағын белгілеп, түйіндеп байла. Олар бірінші шиді ұстап тұрады (6-сурет).




- Шиді ал, оны нобай үстіне қойып, жіппен байла. Ол үшін жіптің бос ұшын тартылған жіптен өткізіп, пайда болған тесік арқылы өткізу керек (7, 8-суреттер).
- Суретті ерекшелеу үшін шиде түстің басы мен соңғы жағын белгіле. Белгіленген жерлерге белгілі бір түсті жүнді ора (9-сурет).



- Нобай бойынша ши тоқы (10, 11, 12-суреттер).



- Жұмысты аяқтау үшін газеттен түтік жасап, оны жүнмен орап, шидің екі ұшына бекіт (13-сурет).
- Бірнеше жіпті тоқып, ілуге арналған жіп жасап, оны шиге байла (14-сурет).
- Нәтижесінде мынадай ши шығады (15-сурет).




Сен білесің бе?

Қолданбалы өнер суретшісі, монументалист Мәлік Мұқанов өзінің гобелендерінде тоқудың жаңа әдісін қолданады. Ол жүнді ши сабақтарына емес, кендір жіпке орайды. Бұл суретті серпімді етіп, одан жаңа пішіндер жасауға мүмкіндік береді.

Суреттерді мұқият қарап, шиыршықтардың алуан түрлі пішіндеріне назар аудар.

Олар сиқырлы, тартымды әрі әсем дүниелер жасауға мүмкіндік береді.

Пастель түстер мен сызықтардың жұмсақ иірімдері де адамға тыныштық пен үйлесім сезімін сыйлайды.



Оқы, қызық!

Соңғы жылдары тоқу техникасымен жасалған бұйымдар заманауи интерьерде лайықты орын алды. Олар тұрғын үй ішін көріктендіріп, жайлылық пен жылылық сыйлау үшін қолданылады.

Мұндай бұйымдарға жиһаз бен ширма (керме шымылдық) сияқты ірі заттар, сондай-ақ себеттер, кілемшелер мен сәндік бөлшектер сияқты шағын бұйымдар жатады.


Тоқылған бұйымдар интерьерді табиғи жылулық пен айрықша көркемдікке бөлейді. Бұған төсеніштердің өнеркәсіптік өндірісін жолға қою ықпал етті. Табиғи материалдармен (кендір, мақта) қатар жасанды материалдар (вискоза, пропилен) да пайдаланылады.



Қолдан тоқылған кендір мен мақта төсеніші



Ашық сұр түсті төсеніш



Екі жақты тоқыма дөңгелек төсеніш

Орындап көр

Шығармашылық идеяңды іске асыр: ши тоқу әдісімен бұйым жаса. Жұмысты орындау реті көрсетілген суреттерді басшылыққа алып, алған біліміңді қолдан. Ол үшін:

- жұмысқа қажетті материалдар мен құралдарды дайында;
- бұйымның нобайын жаса;
- жұмысқа кіріс.

Қауіпсіздік ережелері

Өткір және кескіш заттармен жұмыс істегенде аса мұқият бол, оларды тек қажет болғанда ғана қолдан және жұмыстан кейін қауіпсіз жерге қой.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Тоқу кезінде неден қиналдың?
2. Жұмыс барысында қандай сезімдерді бастан кешірдің?
3. Өз жұмысыңа көңілің толды ма?
4. Келесі жолы осы әдіспен жұмыс істегенде нені өзгерткің келеді?

Шығармашылық жұмыс. Киіз басу (тегіс техника)

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:

- киіз басу әдісімен дайындалатын жалпақ пішінді бұйымдармен танысасың;
- өз бетіңше шығармашылық идеяны анықтайсың;
- шығармашылық жұмысты аяқтайсың.

Тірек сөздер:

киіз басу;
тегіс техника

Суреттерге қара

Суреттерде қандай өнімдер бейнеленген? Қандай материал негізге алынған? Олардың пішіндері қандай? Бұйымдарды жасау үшін қандай әдіс (құрғақ немесе ылғал киіз басу) қолданылғанын болжай аласың ба?



Киіз басу әдістері туралы

Киіз басу (фелтинг) – бұл жүннен жасалатын бұйымдардың талшықтарын түту арқылы жасау әдісі. Киіз басудың негізгі екі түрі бар: құрғақ және ылғал. Екі түрлі жүннен тегіс және көлемді бұйым жасай аласың.


	Құрғақ жүнмен жұмыс істеу	Ылғал жүнмен жұмыс істеу
Ерекшеліктері	Жүн талшықтарын инемен піскілеп, тығыздайды.	Жүнді сабынды суға салып үйкейді.
Материалдар мен құралдар	Жүн, киіз басуға арналған ине, ысқыш, қылшақ (щетка).	Жүн, сабын ерітіндісі, көпіршікті орауыш үлдір.
Киіз басу кезеңдері	Негізді қалыптастыру және жүнді төсеу.	Жүнді жаймалау және сабынды ерітіндімен сулау.

Зертте


Тегіс пішінді өнімді қалай жасауға болады?

1. Ылғал киіз басу әдісімен кілем тоқу

- Пленка бетіне ою-өрнек сызып, оның үстіне жүнді қабаттап жай (1-сурет).
- Жайылған жүн үстіне сабынды суды абайлап құй. Көбік ою-өрнектің бар жеріне тиюі керек (2-сурет).
- Жүннің үстін пленкамен жауып, ерітіндіні сіңіру үшін алақанмен бас (3-сурет).




- Жүн үстіндегі үлдірді абайлап аударып, ақырын көтеріп тексер. Егер құрғақ жерлері қалса, сол тұсқа сабын ерітіндісін жақ (4-сурет).
- Уақыт бөліп, жүнді сәл кептірсең, қылшықты ою-өрнек алынады. Белгіленген сызық бойымен шеттерін мұқият кессең, айқын бейнелі ою-өрнек шығады (5-сурет).
- Осылайша негізді дайында. Жүнді тіктөртбұрыш пішінде жайып, үстіне сабынды су құйып, алақаныңмен нығыздап жай (6-сурет).



- Негіз үстіне ою-өрнекті қойып, үстіне сабынды суды құй, сосын бос көпіршік қалмау үшін алақаныңмен тегістеп жай (7-сурет).
- Кенепті пленкамен жауып, киіз жүні ұйысу үшін алақаныңмен әрлі-бері жүргіз (8-сурет).
- Үлдірді тормен ауыстыр, кенепті орауышқа орап, әрі-бері жүргіз (9-сурет).





- Бұйымды үлдірден шығар, оны әрі-бері домалатып, қарпы. Үстел үстіне күшпен лақтыр, бірақ созып жіберме (10-сурет).
- Бұйымды жайып, пішінін түзет. Төрт бұрышын шығарып, тіктөртбұрышты қалыпқа келтір (11-сурет).
- Нәтижесінде тегіс пішінді шағын киіз шығады (12-сурет).





2. Құрғақ киіз басу әдісімен сурет салу



- Сурет нобайын түсті қаламмен салып ал. Бұл қажетті түстегі жүнді алдын ала дайындауға көмектеседі (13-сурет).
- Сурет үлгісін киізге немесе фетрге ауыстыр (14-сурет).
- Сызбаны анық көру үшін бор сызықтарын қара қарындашпен сыз (15-сурет).



- Үстел үстіне поролон бөлігін қой (16-сурет).
- Оның үстіне ою суреті салынған фетрді қой (17-сурет).
- Жүннің бір бөлігін ал, оны созып, түсіне сәйкес сурет бөлігіне қой және инемен шаншып, сол жерге бекіт (18-сурет).



- Контурды шығару үшін жүннің бір бөлігін бұрап, тиісті орнына қойып, инемен қайта-қайта шаншу керек (19-сурет).
- Жүннің теріс жағы осылай көрінеді (20-сурет).
- Жүнді инемен қаншалықты жиі сұққыласаң, ол соғұрлым тығыз болады (21-сурет).



Шығармашылық жұмысыңды нақтылап ал

Сен киіз басудың әртүрлі әдісімен тегіс пішінді өнімді қалай жасауға болатынын білдің. Енді жүннен жасағың келетін бұйымды таңдап, қай әдіспен жасайтыныңды ойлан. Таңдаған бұйымың мен орындау әдісіне қарай қажетті материалдар мен құралдарды дайында.

Қауіпсіздік ережелері

Өткір, үшкір, кескіш материалдармен, әсіресе инемен жұмыс істегенде абай бол. Ине өте өткір, ұшы қайқы. Абайламасаң, қолыңды жарақаттап алуың мүмкін. Жүнмен жұмыс істегенде саусақтарыңды инеден алыс ұста.

Санитарлық-гигиеналық талаптар

Ылғалды киіз басу кезінде қолғап пен алжапқыш киіп жұмыс істе. Бұйымды аз мөлшерде ылғалда немесе сабынды көбік жақ. Көбік көзге тиген жағдайда, көзді жылы сумен шай. Артық судың үстел үстінен ағып, аяқ киімге тимеуін қадағала.

Орындап көр

Жүннен құрғақ немесе ылғал киіз басу әдістерімен тегіс пішінді бұйым жаса. Алдымен жұмыс орныңды және қажетті материалдарыңды дайында, содан кейін ғана жұмысты бастауға кіріс. Қауіпсіздік ережелерін сақта.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Өз жұмысың көңіліңнен шықты ма? Сені не қуантты?
2. Жұмыста қай әдісті қолдандың? Неліктен?

1.6

Шығармашылық жұмыс. Киіз басу (көлемді техника)

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:

- жүннен көлемді пішінді бұйымдарды жасау әдісімен танысасың;
- шығармашылық идея ұсынасың;
- шығармашылық жұмыс істейсің.

Тірек сөздер:


көлемді техника

Зертте


Көлемді бұйымды қалай жасауға болады?

1. Құрғақ киіз басу әдісімен жасалған алма


- Жүн, поролон, киіз басуға арналған инелерді дайында.
- Поролоннан дөңгелек пішінді кесіп ал. Бұл бұйымның негізі болады (1-сурет).
- Поролонды ақ жүнмен қапта (2-сурет).
- Инемен сұққылап, жүнді нығызда. Бар жерін инемен шаншып, біркелкі жүріп өт (3-сурет).





- Осындай тығыз шар шығуы тиіс (4-сурет).
- Қарама-қарсы екі жағын инемен жиірек сұққылап, ойықтар жаса (5-6-суреттер).



- Дайындама дайын болғанда, оны қызыл жүнмен қапта.
- Әр қабаттан кейін жүн бір-бірімен қабысатындай етіп инемен сұққыла (7-сурет).
- Екі жағынан ойық жасауды ұмытпа (8-сурет).
- Піскен алма бейнесі шығу үшін дайындаманың сыртын сары, жасыл, қоңыр қызыл түсті жүндермен қаптап, оларды негізге нығыздап кіргіз (9-сурет).




- Поролон үстіне жасыл жүннің бір бөлігін қой, оны инемен тесіп, жапырақ жаса (10-сурет).
- Инемен жиі сұққылай отырып, жапырақты алмадағы ойыққа бекіт (11-сурет).
- Нәтижесінде, осындай киіз алма шығады! (12-сурет).



2. Ылғал киіз басу әдісімен сәнді түйреуіш жасау


- Жүн, көпіршікті үлдір, түйреуіш, жіп пен инені ал.
- Қағаздан шеңбер қиып алып, үлдірдің астына қой. Бұл гүлдің дұрыс пішінін жасауға мүмкіндік береді (1-сурет).
- Пленка бетіне жүннің алты қабатын жайып, шеңбер жаса: бірінші қабат – тігінен, екіншісі – көлденеңінен қойылады және осылай жалғаса береді. Жүнге жіп талшықтарын сал. Олар гүлді әдемі етіп көрсетеді (2-сурет).
- Жүн үстін тормен жауып, сабынды су құй. Су жүн бетіне түгел тию үшін алақаныңмен жай (3-сурет).





- Торды алып, пішіннің түзу тұрғанына көз жеткіз. Пішіннің шеттерін анық етіп белгілеп, сыртқа шыққан қылшықтарды ортасына қарай итер (4-сурет).
- Дайындаманы тормен жауып, алақанмен жүнді ысқыла, сонда жүн бір-біріне ұйысады (5-сурет).
- Торды алып таста. Дайындаманы қолыңа алып, умажда және оны тығыз болғанша қолдарыңмен мыжғылай бер (6-сурет). Осындай екі дайындаманы дайында.



- Оралған дайындаманы жайып, тең 5 бөлікке бөл, қайшымен ортасына жеткізбей кес. Бұл – болашақ күлте жапырақтар (7-сурет).
- Әр күлте жапырақты дөңгелек пішінге келтір (8-сурет).
- Дайындаманы қолыңа алып, әр күлте жапырақты ысқыла, сонда ол одан да тығыз болады және пішінін сақтайды (9-сурет).




- Жүннен үш аталық істе. Гүл дайындамалары мен аталықтарды таза суда шай. Сүлгінің бетіне қойып, оқтауға ора және артық су кеткенше жай (10-сурет).
- Бір қолыңның саусақтарын біріктіріп, оған сәл кепкен дайындамаларды сал, екінші қолдың бас бармағымен ойықтың үстінен бас (11-сурет).
- Дайындамаларды толық кепкенше қойып қой (12-сурет).



- Күлте жапырақшаларды бір-бірінің үстіне тік, содан кейін гүлдің ортасына аталықты тік (13-сурет).

- Гүлдің теріс жағына түйреуішті қада. Гүлді таққанда қисайып қалмау үшін түйреуішті ортасынан сәл жылжытып қада (14-сурет).
- Нәтижесінде осындай үлкен сәнді түйреуіш шығады (15-сурет).



Шығармашылық жұмысты таңда

Құрғақ немесе ылғал киіз басу әдістерімен қандай көлемді бұйым жасағың келеді? Ойлан. Таңдаған бұйымның мен орындау әдісіне байланысты жұмысқа қажетті материалдар мен құрал-саймандарды дайында.

Сен білесің бе?

Ылғал киіз басу үшін жылы су мен сұйық сабыннан немесе үгітілген сабыннан жасалған сабын ерітіндісі қолданылады. Ерітінді жақсы араласуы керек, сонда оның ішінде жүнді зақымдайтын үлкен бөлшектер болмайды. Оңтайлы концентрациясы – 1 литр суға 15–20 грамм сабын салынады.

Орындап көр

Жүннен құрғақ немесе ылғал киіз басу тәсілімен көлемді бұйым жаса. Бұйымның пішіні мен түсін өз қиялыңа қарай таңда, бөлшектерін мұқият біріктір. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа.

Қауіпсіздік ережелері

Өткір, істік, кескіш құралдармен, әсіресе киіз басуға арналған инелермен жұмыс істегенде абай бол. Ине өте үшкір, ұшы қайқы. Абайламасаң, қолыңды жарақаттап алуың мүмкін. Киіз басқанда саусақтарыңды инеден алысырақ ұста. Инені тік ұста, майыстырып, қатты басқан кезде ұшы сынып кетуі мүмкін.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Жасаған өнімің ойыңдағыдай шықты ма?
2. Киіз басудың қай түрі (құрғақ, ылғал) көбірек ұнайды? Неліктен?
3. Қай пішіндегі бұйымды (тегіс, көлемді) жасау оңай? Неліктен?

Бұйымды сәндеу және жұмысты рәсімдеу

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:

- бұйымдарды қалай сәндеуге және жұмыстарды қалай рәсімдеуге болатынын білесің;
- өзің жасаған бұйымды сәндеп, оны рәсімдейсің.


Тірек сөздер:

бұйымды сәндеу;
жұмысты рәсімдеу.

Зертте

Бұйымды сәндеу дегеніміз – бұл түрлі әдістер мен материалдарды қолдана отырып, заттың сыртқы түрін әсемдеу немесе жақсарту жұмысы. Киізден немесе ши сабағынан жасалған бұйымдарды сәндеу үшін кестелеуге, көркемдеп жазуға, аппликациялауға, жылтырақ заттармен әшекейлеуге болады.

Сәндеу түрлері	Анықтамасы
Көркемдеп жазу	бұйымның бетіне бояу, эмаль немесе басқа материалдармен сурет, ою-өрнек салу
Аппликациялау	қандай да бір сурет немесе өрнекті салу үшін бұйымға мата, қағаз, былғары сияқты әртүрлі материалдарды жапсыру
Кестелеу	жіп пен ине көмегімен өрнек тігу
Әшекей заттарды қолдану	бұйымға жапсырма және ұсақ жылтыр моншақтар, түйме, таспа, ызба және басқа материалдарды тігу
<i>Безендіруге қажетті материалдар:</i> бояулар, эмаль, лак, маталар, тері, қағаз, фетр, жапсырмалы моншақтар, ұсақ жылтыр моншақтар, таспалар, ызба, баулар, желім, ине, жіп.	



Жапсырмалы, ұсақ моншақтармен сәндеу



Жапсырма (аппликация)



Көркемдеп жазу



Кестелеу

Жұмыстарды безендіру


Кейбір өнер туындылары безендіруді қажет етеді. Безендірілген жұмыс толық аяқталған, мақсатына жеткен өнер адамының қолтаңбасындай көрінеді. Безендіру жұмысы бұйым материалына, орындау әдісіне, оны орналастыру орнына байланысты орындалады. Мысалы, жүннен жасалған суреттерді жақтауға, кергішке немесе паспартуға салуға болады.



Жақтау






Кергіш




Паспарту

Суреттерге қара

1. Киіз басу әдісімен жасалған өнер туындыларын қалай безендіруге болады?



2. Тоқылған өнер туындыларын қалай безендіруге болады?



Орындап көр

Бұйымды сәндеп, өз жұмысыңды рәсімде. Алдымен өзің дайындаған бұйымдарды жайып, оларды қарастыр және ойлан:

- бұлардың қайсысын сәндеген жөн? Безендірудің қай түрін таңдайсың? Қандай материалдар бұйымның ерекшеліктерін ашып көрсетеді?
- әр өнімге қандай дизайн түрі сәйкес келеді? Ол үшін қандай материалдар қажет?
- қажетті материалдарды дайындап, жұмысқа кіріс.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Бұйымды сәндегеннен кейін ол тартымды бола түсті ме?
2. Киізден жасалған алма мен сәнді түйреуішті қалай әшекейлер едің? Here?

Жұмыстардың таныстырылымы және көрмеге қою

Сен осы тақырыпты меңгере отырып:

- таныстырылым дайындауды үйренесің;
- электрондық таныстырылым жасайсың;
- жұмысты көрмеге қоюға дайындайсың.

Тірек сөздер:

бұйымды таныстыру;
көрме

Зертте


Бұйым таныстырылымы – бұл шығармашылық жұмысты көпшілікке таныстыру шарасы. Оны сыныпта сызбалар, фотосуреттер, графиктер көмегімен слайдтар түрінде тікелей көрсетуге, ол жөнінде айтып, таныстыруға болады. Сонымен қатар жұмыстарды онлайн форматта да ұсына аласың. Ол үшін жұмыс (бұйым) туралы аңдатпа дайындау қажет. Онда автордың аты-жөнін көрсетіп, шығармашылық идея, қолданылған материалдар мен жасалу әдісі туралы айту керек. Таныстырылым үшін 4 слайд жеткілікті. Оны мектептің онлайн платформасында орналастыруға болады.



1-слайд. Таныстырылым атауы, автордың аты-жөні



2-слайд. Шығармашылық идея, материалдар, орындау тәсілі



3-слайд. Жұмыстың орындалу реті



4-слайд. Қорытынды бет, онда көмектескен адамдарды көрсетуге болады

Аңдатпа үлгісі

Шығармашылық жұмыс үшін «Апорт» алманы таңдадым, себебі ол Қазақстанның символы болып табылады. Апорт – бұл пайдалы әрі әдемі жеміс. Апорт қабығы әдетте қошқыл қызыл немесе сарғылт-жасыл түсті болып келеді. Бұйымды жасау үшін жүн мен құрғақ киіз басу әдісін қолдандым. Жүн – бұл әмбебап материал, оның көмегімен бұйымның көлемі мен түстік гаммасын да көрсетуге болады.

Көрме туралы

Шығармашылық жұмыстар көрмесі – бұл көпшілікке өнер туындылары, қолөнер немесе басқа да шығармашылық іс-шаралар көрсетілетін іс-шара. Көрмені ұйымдастыру барысында оның өтетін орны таңдалады, қойылатын экспонаттар әзірленеді. Қажет болса, безендіріледі, жарнама дайындалады.

Шығармашылық жұмыстарды көрсету үшін затбелгілерді дайындап, оларды ілу керек. Онда жұмыс атауы, автордың аты-жөні, жасалған күні, материалы, әдісі т.б. көрсетіледі.



Сейітқасымов Арайлым.
«Қошқар мүйіз» кілемшесі.
Жүн. Ылғал киіз басу әдісі,
2025 жыл

Орындап көр

1. Электрондық таныстырылым дайында:

- Жұмыс туралы қысқаша әңгіме жаз (атауы, шығармашылық идеясы, қолданылған материалдары және орындау әдісі).
- Слайдтарға орналастыратын материалдарды дайында.
- Материалды слайдтарға орналастыр.

Егер ол бұйымды жасау үдерісін, жұпта, топта орындау барысын бейнелейтін фотосуреттер пайдаланылса, таныстырылым қызықты әрі танымдық сипатқа ие болады.

2. Бұйымды көрмеге қоюға дайында:

- Затбелгі жаса.
- Оны бұйымға бекіт.
- Дайын жұмысты көрме өтетін орынға апар.

Ойлан және сұрақтарға жауап бер

1. Тарау тақырыптарын оқыған кезде қандай қабілеттерің ашылды?
2. Қай сәттер көбірек есте қалды? Бұл немен байланысты?

Сәндік-қолданбалы өнер. Қорытынды

Сен тарау тақырыптарын оқи отырып, қазақ халқының дәстүрлі қолөнеріндегі ши тоқу, киіз басудың қыр-сырын меңгердің. Бұл қолөнер түрлерінің пайда болу себептері мен қазіргі қолданыстық ерекшеліктерін түсіндің.

Тоқу әдістерін үйреніп, ылғал жүннен шағын киіз басып, сәнді түйреуіш жасадың. Ал құрғақ жүннен картина салып, алма істедің.

Түрлі бұйымдарды жасай отырып, жүннен еденге төсейтін, жерге жаятын бұйымдар тоқуға, сондай-ақ көркем туындылар жасауға болатынын түсіндің. Ылғал және құрғақ жүннен тегіс және көлемді пішіндер әзірленетінін білдің.

Жүнмен, қамыспен немесе істік ағаштармен жұмыс істеу, жаңа әдістерді қолдану жаңа дағдыларды қалыптастырады. Дәстүрлі өнер түрлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелейді, ұлттық өнер тарихын жақсы білуге ынталандырып, жаңа шығармашылық идеяларға шабыттандырады.

Сабақта алған білім мен меңгерген тәжірибелік дағдылар халықтық қолөнерге деген құштарлықты оятып, басқа қолөнер түрлерін үйренуге деген ұмтылысты тудыруы мүмкін.



Мазмұны

Кіріспе	3
1-тарау. Сәндік-қолданбалы өнер.....	5
1.1. Қазақ халқының қолданбалы өнері	6
1.2. Қолданбалы өнер түрлері. Материалдар мен құрал-жабдықтар	10
1.3. Нобайды әзірлеу және жұмысқа дайындалу	14
1.4. Шығармашылық жұмыс. Ши тоқу	17
1.5. Шығармашылық жұмыс. Киіз басу (тегіс техника).....	21
1.6. Шығармашылық жұмыс. Киіз басу (көлемді техника)	25
1.7. Бұйымды сәндеу және жұмысты рәсімдеу.....	29
1.8. Жұмыстардың таныстырылымы және көрмеге қою.....	32
Сәндік-қолданбалы өнер. Қорытынды.....	34
2-тарау. Дизайн және технология (ұлттық киім).....	35
2.1. Қазақтың ұлттық киімі.....	36
2.2. Этностиль. Ою-өрнек және оның стилизациясы.....	40
2.3. Этностильдегі баскиім дизайны	44
2.4. Этностильде баскиім тігу. Киімді пішуге дайындық	48
2.5. Этностильде баскиім жасау. Матаны кесуге дайындау.....	52
2.6. Этностильде баскиім тігу. Бұйым бөліктерін өңдеу және құрастыру	55
2.7. Баскиімді безендіру және сәндеу	59
2.8. Жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру.....	62
Дизайн және технология (ұлттық киім). Қорытынды	64
3-тарау. Дизайн және технология.....	65
3.1. Халықтық пішім негізіндегі киім үлгісінің дизайны	66
3.2. Сәндегі халықтық пішімнің заманауи үлгілері	70
3.3. Халықтық пішім негізінде киім үлгілерін жасау.....	74
3.4. Бұйымды пішуге арналған материалдарды дайындау.....	78
3.5. Халықтық пішім негізінде бұйым жасау. Бұйымды пішу.....	81
3.6. Бұйым бөліктерін өңдеу.....	84
3.7. Бұйым бөліктерін біріктіру.....	87
3.8. Бұйымды сәндеу және көркем безендіру	90
3.9. Бұйымды шақтап көру және соңғы өңдеу	93
3.10. Үлгі көрсетілімі. Бұйымды таныстыру	96
Дизайн және технология. Қорытынды	98

4-тарау. Үй мәдениеті	99
4.1. Интерьерге арналған 2D/3D пішіндегі сәндік бұйымдар	100
4.2. Нобай. Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау	104
4.3. Интерьерлік сәндік бұйымдарды 2D форматында жасау.....	108
4.4. 3D пішіндегі интерьерге арналған сәндік бұйымдар жасау	111
4.5. Интерьерге арналған сәндік бұйымдар жасау. Кинетикалық өнер	115
4.6. Өсімдік шаруашылығындағы ғылымның рөлі.....	119
4.7. Дәрілік өсімдіктер және фитотерапия	122
4.8. Косметологиядағы өсімдіктер.....	125
Үй мәдениеті. Қорытынды	128
Қауіпсіздік техникасы ережелері	130
Глоссарий	137